

## **Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 23 тамыздағы N 3094 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1998 жылғы 30 маусымдағы N 3989 "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 Z962823\_ Заң күші бар Жарлығының 16-бабының 1-тармағына сәйкес (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 179-құжат) қаулы етемін:

1. "Лисаков арнайы экономикалық аймағы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 23 тамыздағы N 3094 U963094\_ Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 34, 316-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Лисаков арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

10-тармақта:

төртінші абзацтағы "1998 жылға - 30%, 1999 жылға - 35% және

2000 жылға - 40%" деген сөздер "1998 жылдың бірінші жарты жылдығына - 30%, екінші жарты жылдығына - 50%, 1999-2000 жылдарға - 50%" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы абзац алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"1999 жылдың 1 шілдесінен бастап облыстық бюджетке ақша аударымдары күн сайын жасалады".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК